## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Нұра ЖББМ
**Мектепалды** даярлық сынып
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 11-апта 11-15 мамыр 2025-2026 оқу жылы
Адал азамат біртұтас тәрбие «Бірлік және ынтымақ » **айы** «Апта дәйексөздері»- «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек.»

<table>
<tr><th>Күн тәртібі</th><th>Дүйсенбі 11.05</th><th>Сейсенбі 12.05</th><th>Сәрсенбі 13.05</th><th>Бейсенбі 14.05</th><th>Жұма 15.05</th></tr>
<tr><td rowspan="2">Балаларды қабылдау</td><td colspan="5">Мұғалімнің балалармен карым-катынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, карым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату</td></tr>
<tr><td colspan="5">Адалдық әліппесі<br>«Ситуацияны шеш»<br>Мақсаты: Адал әрекет жасауға үйрету<br>Ойын барысы:<br>Мысалы:<br>«Сен жерде ақша тауып алдың. Не істейсің?»<br>Балалар өз ойларын айтады<br>«Адал дос»<br>Мақсаты: Достық пен сенімділікті калыптастыру<br>Ойын барысы:<br>Балалар шеңберде отырып:<br>«Мен адал дос болу үшін...» деп жалғастырады</td></tr>
<tr><td>Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру</td><td colspan="5">Өнегелі 15 минут Ата-анаға кеңес<br>Адал әрекетті бірге талқылаңыз<br>Күн соңында сұраңыз:<br>«Бүгін қандай жақсы іс жасадың?»<br>«Қай жерде шындық айттың?»<br>Жазалаудың орнына үйретіңіз<br>Қате жасаса — түсіндіріңіз<br>«Келесіде қалай дұрыс істеуге болады?» деп бағыт беріңіз<br>. Ойын арқылы тәрбиелеңіз<br>Рөлдік ойындар ойнаңыз (дүкен, достар, отбасы)<br>«Адал» және «адал емес» әрекеттерді көрсету</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар )</td><td colspan="3">«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Ойын: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны<br>Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br>Ойынның шарты:Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.( Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді. тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар</td><td colspan="2">«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>«Сақинаны лақтыр»<br>Мақсаты : Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе –теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты : Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар</td></tr>
</table>

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.<br> | | | көздеп тұрып, сакиналарды таяқшаға кигізулері керек.<br> | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 12 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Менің Қазақстаным<br>ҚР гимні<br>«Біз бақытты баламыз»<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік.<br>Тату болып жүрейік. | Мейірімділік-асыл<br>қасиетіміз.<br>Жүректегі таза ақ ниетіміз.<br>Жан дүние кілті.<br>Шаттық пенен күлкі.<br>Биік ұстап соны.<br>Қадірлейік біз! | «Нәр алып»<br>Аман-есен болайық.<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып.<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | «Қуан,шаттан!»<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар.<br>Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| **Кестеге сәйкес ҮІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | | **Математика негіздері**<br>Заттар тобы. Заттарды санау **Кір.07.05**<br>Бүтін және бөлік<br>**Міндеті:** --Заттар тобын санына қарай салыстыруға, жиынды бөліктерге бөлу<br>**Кір.07.05**<br>-Теңсіздіктен теңдік (теңдіктен теңсіздік) шығару, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді**: «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**түсінеді**: затты (фигураны) өзінің бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын; | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеті:-** Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Жасайды: сөздегі дыбыс санын анықтайды, сөздерді буынға бөледі.<br>Түсінеді: сөздерді қалай буынға бөлуді.<br>Қолданады: дыбыстарды ажыратады<br><br>**«Жалауша» дидактикалық ойыны**<br>Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. «Сөздерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге заттардың атын айтамын, | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені білдік?<br>**Міндеті -** - Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды**: сөздегі дыбыс санын анықтайды, сөздерді буынға бөледі.<br>Түсінеді: сөздерді қалай буынға бөлуді.<br>Қолданады: дыбыстарды ажыратады<br><br>**Дыбыстармен жұмыс. «Тізбекті жалғастыр» дидактикалық жаттығуы –** Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіне беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді.<br>Мысалы: Қап-парақ- қалақ-қала – | **Математика негіздері**<br>Бүтін және бөлік<br>**Міндеті -** -Бүтінді бөліктерге бөлуге (қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу), бүтін мен бөлікті салыстыру .<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>меңгереді: «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**түсінеді**: затты (фигураны) өзінің бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**қолданады**: сандарды санауды және салыстыра білуді.<br><br>**Практикалық жұмыс**.<br>Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. Әр топ фигуралардың бөліктерінен өрнектер |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **колданады**: сандарды санауды және салыстыра білуді.<br><br>**Практикалық жұмыс.** Балалардың әркайсысы қағаздан кесілген шеңберлерді алады (№33 парақ). Педагогтің тапсырмасы бойынша шеңбер екіге бүктеледі, әр бөлік (жарты) деп аталады, содан кейін тағы бір рет бүктейміз. Алынған бөліктерді санайды. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Балалардың әркайсысы бөліштерін неше бөлікке бөлді? Цифрларды қоршап сыз. Педагог суретті қарастыруды ұсынады. Алдын ала дайындалған үлестірмелі материал. №38 парақ. 2 және 4 бөлікке бөлінген дөңгелектерді ұсынуға болады. 2-тапсырма. Фигуралардың жартысын боя.<br>Практикалық жұмыс. Педагог әр балаға қызыл және сары түстердің екі шаршы таратады. Педагогтің басшылығымен балалар оларды диагональ бойынша екіге бүктеп, 2 үшбұрышқа бөледі. Педагог қайшымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат береді. Жұмыс барысында кию бағытын бақыла. Сол қолының саусақтары қайшының жүзінен алыс | сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер. Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Атында екі [ т ] дыбысы кездесетін суреттерді қорша. 2. Суреттегі заттардың атын буынға бөл. Мағынасы бар буындарды бөліп айт. Қандай мағына береді? Түсіндір. | алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір – рауғаш – шопан – нан – нақыл – лақ – қала – алма – алтын – нар – нәзік – кәмпит – табақ – қант т.б. «Берілген дыбысқа сөз ойла» дидактикалық жаттығуы Педагог сөз ойлап айтқан балаларға жұлдызша беріп отырады, кімде көп жұлдызша болса, сол жеңімпаз атанады. 1-тапсырма: Педагог балаларға «с» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: сағыз, сәбіз, сиыр, саз, сән, сұлу, сыбызғы, сылдырмақ т.б. 2-тапсырма: Педагог балаларға «ы» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: ыдыс, ымырт, ырылдады, ысырап, ылди, ысқырық т.б. 3-тапсырма: Педагог балаларға «н» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: нан, ну, нарын, натюрморт, наурыз, нәресте, нағыз, нөл, Нұржан т.б. «Сөз жина» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды, жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар. Мысалы: - «д.о.п..», – «к.е.с.е..», - «ж.о.л..», - «т.ү.л.к.і..», «б.а.р.ы.с..», - «е.с.і.к..».- «б.е.л.д.і.к..», - «б.е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «б.а.қ.а..». | жинайды. Балалар педагогтің үлгісінде де, өз қиялында да өрнектер мен фигуралар жасай алады. (№ 33 парақ). «Өз өрнегің туралы айт» әңгімесі. Педагог қандай фигуралар қолданылғанын, қандай түсті, қандай мөлшерде екенін айтуды сұрайды. Педагог фигураларды тең және тең емес бөліктерге бөлуге болатынына назар аударады. Фигураның екі тең бөлікке бөлінуін көрсетеді. Тең бөліктер нені білдіреді? (Пішіні мен өлшемі бірдей.) Тең емес бөліктерге бөлуді көрсетеді, қай бөліктің өлшемі үлкен екенін сұрайды? |

Scanned with CamScanner

<table>
<tr><td></td><td></td><td>болсын. Қиятын материалдың шетінен ұста. Жұмыс жасап болғаннан кейін қайшыны қабына салып қой</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу</td></tr>
<tr><td colspan="2">Үнемдеу маңыздылығы: Су-тіршілік көзі. Егер суды дұрыс пайдаланбасақ, таза су қоры азаяды және көптеген елдерде су тапшылығы пайда болады.<br>Жадынама: 1. Кір немесе ыдыс жуғыш машинаны тек толық толғанда ғана қосыңыз. 2. Душ қабылдағанда уақытты қысқарту. 3. Кранды жуу кезінде және басқа жұмыстарда ашық қалдырмаңыз. 4. Суды қайта қолданыңыз - мысалы өсімдіктерді суғаруға немесе тазалауға қолданыңыз. 5. Жуынатын бөлмеде ағып тұрған кранды дер кезінде жөндеңіз.<br>QR СКАНЕРЛЕУ</td><td colspan="2">СУДЫ ҮНЕМДЕУ </td><td colspan="2">Нұсқаулықтар: 1. Тіс тазалау кезінде суды өшіріңіз: Тіс тазалау кезінде суды ағыза бермеңіз, тек қажет кезде қосыңыз. 2. Кранды қысқа уақытқа ашып, суды дұрыс пайдаланыңыз. 3. Душ қабылдау уақытының қысқарту үшін таймер пайдаланыңыз. 4. Автоматтандырылған суару жүйелерін қолдану арқылы суды бақылаңыз. 5. Жеміс-көкөністі жуу кезінде ағынды су орнына ыдысты пайдаланыңыз.<br></td></tr>
<tr><td colspan="6">2 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td>Қазақ тілі<br>Қамқор бала .(кір.11.05)<br>Дауылпаз<br>Міндеті - -Шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу.(кір.11.05)<br>-Қазақ халқының музыкалық аспап туралы айту.<br>Күтілетін нәтиже:</td><td>Математика негіздері<br>Бүтін және бөлік<br>Міндеті - -Бүтінді бөліктерге бөлуге (қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу), бүтін мен бөлікті салыстыру .<br>Күтілетін нәтижелер:<br>меңгереді: «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>түсінеді: затты (фигураны) өзінің бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>қолданады: сандарды санауды және салыстыра білуді.<br><br>Практикалық жұмыс. Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. Әр топ фигуралардың бөліктерінен өрнектер жинайды. Балалар педагогтің үлгісінде де, өз</td><td>Қоршаған әлеммен таныстыру<br>Ұлы Отан соғысы ардагерлері<br>Кіп.11.05<br>Алғашқы телефон<br>Міндеті: - - Балаларды Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыруды жалғастыру<br><br>кір.11.05<br>- Байланыс құралдарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Күтілетін нәтиже.<br>-Байланыс құралдарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Балаларды телефонның шығу тарихымен таныстыру. - -Ойын арқылы телефонның жұмыс істеу тәсілін түсіндіру.<br>- Балалардың ойын, қиялын дамыту</td><td>Көркем әдебиет<br>Жеңіс күні<br>Міндеті: - Әңгіме мазмұнын айтып беруге жетелеу.<br>Әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Адамгершілікке тәрбиелеу.<br>- Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлеңді жатқа айтуға ынталандыру. Елін, жерін сүюге, қорғауға тәрбиелеу.<br>Күтілетіннәтиже:<br>-Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру.<br>-Өлеңді жатқа айтуға ынталандыру.<br>-Елін, жерін сүюге, қорғауға</td></tr>
</table>

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | болсын. Қиятын материалдың шетінен ұста. Жұмыс жасап болғаннан кейін қайшыны қабына салып қой | | | |

**«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу**

| | | |
|---|---|---|
| Үнемдеу маңыздылығы: Су-тіршілік көзі. Егер суды дұрыс пайдаланбасақ, таза су қоры азаяды және көптеген елдерде су тапшылығы пайда болады. Жадынама: 1. Кір немесе ыдыс жуғыш машинаны тек толық толғанда ғана қосыңыз. 2. Душ қабылдағанда уақытты қысқарту. 3. Кранды жуу кезінде және басқа жұмыстарда ашық қалдырмаңыз. 4. Суды қайта қолданыңыз - мысалы өсімдіктерді суғаруға немесе тазалауға қолданыңыз. 5. Жуынатын бөлмеде ағып тұрған кранды дер кезінде жөндеңіз. QR СКАНЕРЛЕУ | СУДЫ ҮНЕМДЕУ  | Нұсқаулықтар: 1. Тіс тазалау кезінде суды өшіріңіз: Тіс тазалау кезінде суды ағыза бермеңіз, тек қажет кезде қосыңыз. 2. Кранды қысқа уақытқа ашып, суды дұрыс пайдаланыңыз. 3. Душ қабылдау уақытының қысқарту үшін таймер пайдаланыңыз. 4. Автоматтандырылған суару жүйелерін қолдану арқылы суды бақылаңыз. 5. Жеміс-көкөністі жуу кезінде ағынды су орнына ыдысты пайдаланыңыз.  |

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Қазақ тілі**<br>Қамқор бала .**(кір.11.05)**<br>Дауылпаз<br>**Міндеті** - -Шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу.**(кір.11.05)**<br>-Қазақ халқының музыкалық аспап туралы айту.<br>**Күтілетін нәтиже:** | **Математика негіздері**<br>Бүтін және бөлік<br>**Міндеті** - -Бүтінді бөліктерге бөлуге (қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу), бүтін мен бөлікті салыстыру .<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді**: «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**түсінеді**: затты (фигураны) өзінің бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**қолданады**: сандарды санауды және салыстыра білуді.<br><br>**Практикалық жұмыс**. Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. Әр топ фигуралардың бөліктерінен өрнектер жинайды. Балалар педагогтің үлгісінде де, өз | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ұлы Отан соғысы ардагерлері<br>**Кір.11.05**<br>Алғашқы телефон<br>**Міндеті:** - - Балаларды Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыруды жалғастыру<br><br>**кір.11.05**<br>- Байланыс құралдарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Күтілетін нәтиже.<br>-Байланыс құралдарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Балаларды телефонның шығу тарихымен таныстыру. - -Ойын арқылы телефонның жұмыс істеу тәсілін түсіндіру.<br>- Балалардың ойын, қиялын дамыту | . **Көркем әдебиет**<br>Жеңіс күні<br>**Міндеті**: - Әңгіме мазмұнын айтып беруге жетелеу.<br>Әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Адамгершілікке тәрбиелеу.<br>- Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлеңді жатқа айтуға ынталандыру. Елін, жерін сүюге, қорғауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетіннәтиже:**<br>-Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру.<br>-Өлеңді жатқа айтуға ынталандыру.<br>-Елін, жерін сүюге, қорғауға |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | -дауылпаз ұлттық аспап екенін білді;<br>- құрылымымен танысып, үндігін ажыратты;<br>-бағалау біліктілігін меңгереді.<br><br>**Тақырыпқа кіріcу.**<br>https://www.youtube.com/watch?v=0-uP6FGUGn8<br>балаларға бейне ролик арқылы дауылпаз аспабының шығу тарихымен таныстырамын.<br>Дауылпаз - қазақ халқының ежелгі ұрмалы музыкалық аспабы.<br>Ескі күндерде ол әскери жорықтар кезінде, содан кейін және аң аулау кезінде қолданылған.<br>Құрал жасау өте ауыр жұмыс. Корпус өзегінен тазартылған дөңгелек орманнан жасалған. Құрғақ бөлінген тері бетіне тартылады. Құралды мойынға немесе ныққа бекітуге арналған белбеу, сондай-ақ кішкентай балғалар бар.<br>Дауылпаздың денесі сүйекпен, түрлі тастармен және ою-өрнектермен безендірілген.<br>Дауылпаз дабылдың орнына "Қыз қуу", "арқан тарту", "қазақша күрес" және басқалардың ұлттық ойындарының басталуы мен аяқталуы туралы сигнал беру үшін пайдаланылды. | қиялында да өрнектер мен фигуралар жасай алады. (№ 33 парақ). «Өз өрнегің туралы айт» әңгімесі. Педагог қандай фигуралар қолданылғанын, қандай түсті, қандай мөлшерде екенін айтуды сұрайды. Педагог фигураларды тең және тең емес бөліктерге бөлуге болатынына назар аударады. Фигураның екі тең бөлікке бөлінуін көрсетеді. Тең бөліктер нені білдіреді? (Пішіні мен өлшемі бірдей.) Тең емес бөліктерге бөлуді көрсетеді. қай бөліктің өлшемі үлкен екенін сұрайды? | **Ойын сәті**. Ойынға Саққұлақ қатысады. – Біз «Телефондар әлеміне» саяхат жасаймыз. (Топта үстелдерде әртүрлі заттар). Бізге саяхат жасауға сиқырлы жіп орамы көмектеседі. Бұл жіп орамы арқылы өткен уақытқа саяхат жасаймыз. Бізге қызықты саяхат тілеймін. (Педагог жіп орамын алып шығады). Жіп орамы, домала, Кору үшін қызықты. Сайдан сайға жорғала. Шығайық біз жолдарға. Балаларға өлең жолдарын хормен қайталап, жіп орамын суреттер мен заттар тұрған үстелдерге қарай домалатады, жіп орамы қай аялдамаға тоқтайды, сол жерге балаларды жинап, педагог әңгіме жүргізеді. 1. Аялдама. Үстелде көгершін суреті тұр. «Көгершін поштасы» жайлы бейнебаян шығады. – Адамдар ерте уақытта байланыс құралы ретінде көгершінді пайдаланған, оның аяғына хат байлап, белгілі бір мекенжайға ұшырған, яғни адамдар осылайша хабар алып отырған. Көгершіндер тек өз ұясына ұшады, ол үшін көгершінді алдымен өз ұясынан келесі мекенжайға алып кетеді, хабар жібергенде, аяғына байланған хатпен тек өз ұясына ұшып келген. 2. Балалар тағы жіп орамын домалатады, ол бөтелке, қағаз, және тегеште су тұрған үстелге келіп тоқтайды. Педагог балалардан осы тұрған заттарды байланыстырып, хабар беретін құрал ойлап табуын ұсынады. Балаларға тегештегі су-теңіз деп елестетіп, хабар жіберуді | тәрбиелеу.<br><br>– 9 Мамыр – Жеңіс күні! (Слайд көрсету, әңгімелеу). – Ұлы Отан соғысында біздің батыр аталарымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды. Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерін көрсету. – Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атайықшы. (Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рақымжан Қошқарбаев т.б.) – Жеңіс күні мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіледі. Мәңгілік алауға ата-аналарыңмен барып көрдіңдер ме? – Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды (соңындағы қосымшаны қараңыз). Сөздік жұмысы: Ұлы Отан соғысы – 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамырға дейінгі аралықта Кеңес Одағы Германия мен оның одақтастарына қарсы жүргізген соғыс жеңіс – жауды, қарсыласты жеңу Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады? Авторы кім? Өлеңде не туралы? |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ойластыруын сұрайды. Балалардың пайымдаулары тыңдалады, бөтелкеге хатты салып, тығынын жауып, тегештегі суға тастайды. Интербелсенді тақтадан қоңырау дауысы естіліп, теңіз бетінде қалқып бара жатқан бөтелке пайда болады. – Мұндай хабар жіберуді кімдер ойлап тапқан? – Теңізшілер. – Балалар, бұл хабар жіберудің тиімді әдісі ме? – Жоқ, өйткені ол бөтелке теңіздің қай жерінен табылатыны белгісіз, және арналған мекенжайға ешқашан жетпеуі мүмкін. | |
| **Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» «Келіншек» күйі**<br>**Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,** | | | | | |
|  | | <br> | |  | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | - | |
| | - | **Көркем әдебиет**<br>Маша мен аю Кір.07.05<br>Алтын бала<br>**Міндеті:** - Бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолдануға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу **Кір.07.05**<br>- Әңгіме мазмұнын айтып беруге жетелеу. Әңгіменің басын, соңын ойдан | **Тіл дамыту**<br>Маңдай тер **кір.11.05**<br>Күн, Ай және Қораз<br>**Міндеті**: - Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру **кір.11.05**<br>Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды**: мақал жаттап, жұмбақ шешеді, сұраққа жауап береді, аңызды айтып береді;<br>Түсінеді: аңыздың мағынасын түсінеді;<br>**Қолданады:** дыбыстардың сөздегі | **Музыка**<br>Музыка әлеміне саяхат<br>**Міндеті:** - Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру<br><br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** музыка ырғағына ілесіп би қимылдарын ырғақпен жасайды, әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** опера, балет туралы түсініктерді.<br>**Қолданады:** аспаптарда | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br><br>Балалар жаттығу жасайды<br><br>**Міндеті**:<br>- Адамның жалпы денеқұрылысын анықтап,жаттығу кезіндегі қолдарының,аяқтарының өзгерісін беруге үйрету<br>- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрастыруға баулу.<br>Адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-Әңгіме мазмұнын айтып беруге жетелеу.<br>-Әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>-Адамгершілікке тәрбиелеу.<br><br>– Жақсы іс-әрекет жасаған немесе көмек көрсеткен баланы қандай бала деп айтамыз?<br>– Жақсы бала болу үшін адам бойында қандай қасиет болу керек?<br>– Бүгін біз тілалғыш, үлкенге көмектескіш бала туралы Серікбай Тұрдалиевтің «Алтын бала» әңгімесімен танысамыз.<br>Әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшаны қараңыз).<br>Сөздік жұмысы:<br>*қарт кісі* – үлкен кісі, ата<br>*алтын бала* – тілалғыш, қолы шебер бала<br>*Сұрақ-жауап:*<br>– Әңгіме қалай аталады? Авторы кім?<br>– Анасы Зәукенді қайда жұмсады? Зәукен атайдың қандай затын жөндеп берді?<br>– Анасы қайда келді? Әжей Зәукен туралы не айтты?<br>– Анасы баласы туралы көршілерінен қандай жақсы сөз естіді?<br>– Сендер ата-аналарыңа қалай көмектесесіңдер? | орнын анықтайды<br><br>–Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және Қораз» туралы аңыз оқып берейін:<br>Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз<br>қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным бермей, ақыры тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті.<br>Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрің жоқ екен. Қайтып бетіңді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың». – депті.<br>Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қоқ!» –деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен.<br>Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді.<br>Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды.<br>–Аңызда нелер туралы айтылған?<br>–Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді?<br>–Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді?<br>–Екеуі қалай келіседі?<br>–Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді?<br>–Түн батып ай шыққанда ше? | ойнаудың қарапайым дағдыларын, ойынға қатысады<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский)<br>Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар «Бақытты балалық шақ» («Мен бақыттыбаламын»«Полька» (М. Красев)<br>Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин)<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер) | белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу<br><br>- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу<br><br>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу<br>**Топтық жұмыстар** |

Scanned with CamScanner

Қауіпсіздік сабағы : «КӨШЕДЕГІ БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫНА ҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРУГЕ БОЛАДЫ»

Мақсаты: балаларды көшеде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету және бейтаныс адамдардан неге кәмпиттерді, ойыншықтарды немесе тәттілерді алмау керектігін түсіндіру. .

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бейтаныс адамдар кімдер? Тәрбиеші бейтаныс адамдар деп бала танымайтын немесе бірінші рет көріп тұрған адамдар екенін түсіндіреді. Бейтаныс адамдармен кездескендегі тәртіп (мінез-құлық) ережелері Ешқашан бейтаныс адамдардан кәмпиттерді, ойыншықтарды немесе тәттілерді қабылдамаңыз. Ешқашан бейтаныс адамның артынан ермеңіз, тіпті ол ата-анаңды танимын десе де бармаңыздар. Егер бейтаныс адам бірдеңе ұсынса немесе бір жерге баруды өтінсе, дереу «жоқ» деп кетіп қалу керек. Бейтаныс адам бір нәрсе ұсынбақ болса немесе сізді бір жерге шақырғысы келсе ата-анаңызға айтыңыз. «Бола ма, болмай ма?» ойыны Тәрбиеші суреттерді көрсетіп, әртүрлі жағдаяттарды әңгімелейді, ал балалар бұл ұсынылған әрекеттерді істеуге бола ма немесе болмай ма деп айту керек. Мысалдар: «Бейтаныс адам кәмпит ұсынып жатыр», «Көрші алма ұсынып жатыр», «Бейтаныс адам жол сұрап жатыр». «Егер ..., не істеу керек?» ойыны Тәрбиеші қуыршақтармен немесе ойыншықтармен әртүрлі жағдаяттарды ойнатады. Мысалдар: «Қуыршақ балаларға кәмпит ұсынып жатыр», «Ойыншық сізді дүкенге баруға шақырады». Балалар ұсынылған жағдайларға дұрыс әрекет етуі керек. | | Пайдалы сілтемелер: https://www.youtube.com/watch?v=ho7aj-I1u3E&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index=4 <br>**https://orken-institutv.kz/ru** <br><br> | | <br>Көшеде танымайтын адамдармен сөйлеспе. <br> | |
| 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
| | Дене тәрбиесі | **Музыка**<br>Ән салып,би билейміз<br><br>**Міндеті --**<br>- Қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төмен і қозғалысын ажырату<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ән орындайды, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады.<br>**Түсінеді:** музыкалық аспаптарды дыбыстарынан ажырату түсінеді.<br>**Қолданады:** музыкаға сәйкес қимылдар орындайды, билейды<br>Музыка тыңдау: | **Дене тәрбиесі**<br>Біздің айналамыздағы әлем<br>**Кір.07.05**<br>Құрлықтар бойынша саяхат<br>**Міндеті:** Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);<br><br>**Кір.07.05**<br>- Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-Балалар аяқтың ұшына дұрыс көтеріле алады, тепе-теңдікті сақтайды<br>-Қолдарын алға созып, дене қалпын дұрыс ұстайды<br>-Жартылай отырып-тұру жаттығуын | **Қазақ тілі**<br>Қамқор бала .<br>Дауылпаз<br>**Міндеті** - -Шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу.**(кір.11.05)**<br>-Қазақ халқының музыкалық аспап туралы айту.<br>**Күтілетін нәтиже:** | **Дене тәрбиесі**<br>Құрлықтар бойынша саяхат<br>**Кір.11.05**<br>Құрлықтар бойынша саяхат<br>**Міндеті:** -Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Кір.11.05<br>-- Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-Балалар допты кеуде тұсынан екі қолмен дұрыс ұстап, дәл бағытта лақтыра алады<br>-Допты серіктесіне дәл жеткізуге тырысады |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)<br>Ән айту:<br>«Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков)<br>Көктем» (А. Жайымов)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)<br>Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Күншуақ» (Е. Құсайынов) | қауіпсіз және дұрыс орындайды<br>-Аяқ бұлшық еттері (сан, балтыр) дамиды<br>-Қозғалыс үйлесімділігі мен икемділігі артады<br>-Тепе-теңдік сақтау қабілеті жақсарады<br>-Нұсқауды тыңдап, жаттығуды ретімен орындауға дағдыланады<br>Дене шынықтыруға қызығушылығы артады<br><br>«Баскетбол»<br>Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру. Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді | -дауылпаз ұлттық аспап екенін білді;<br>- құрылымымен танысып, үндігін ажыратты;<br>-бағалау біліктілігін меңгереді.<br><br>**Тақырыпқа кіріспе.**<br>https://www.youtube.com/watch?v=0-uP6FGUGn8 балаларға бейне ролик арқылы дауылпаз аспабының шығу тарихымен таныстырамын.<br>Дауылпаз - қазақ халқының ежелгі ұрмалы музыкалық аспабы.<br>Ескі күндерде ол әскери жорықтар кезінде, содан кейін және аң аулау кезінде қолданылған.<br>Құрал жасау өте ауыр жұмыс. Корпус өзегінен тазартылған дөңгелек орманнан жасалған. Құрғақ бөлінген тері бетіне тартылады. Құралды мойынға немесе иыққа бекітуге арналған белбеу, сондай-ақ кішкентай балғалар бар.<br>Дауылпаздың денесі сүйекпен, түрлі тастармен және ою-өрнектермен безендірілген.<br>Дауылпаз дабылдың орнына "Қыз қуу", "арқан тарту", "қазақша күрес" және басқалардың ұлттық ойындарының басталуы мен аяқталуы туралы сигнал беру үшін пайдаланылды. | -Қол мен көз үйлесімділігі дамиды<br>-Қол, иық бұлшық еттері шығаяды<br>-Қозғалыс дәлдігі мен шапшаңдығы артады<br>-Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып ойнайды<br>-Топпен және жұппен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады<br>-Бір-бірімен қарым-қатынас жасап, кезек күтуді үйренеді<br>Дене шынықтыруға қызығушылығы артады<br><br>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)<br>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек.<br>Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды |
| Серуенге дайындық | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | | | | |
| | | | | | |
| Серуен | | **Мамыр** | **Мамыр** | **Мамыр** | **Мамыр** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Серуен-Бақылау №11**<br>Бақылау:<br>Найзағайды бақылау<br>*Мақсаты:*«Найзағай» ұғымымен таныстыру;<br>Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру;<br>Сөздік қорларын байыту;<br>Бақылағыштықтарын дамыту.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады<br>Аспанда от қамшы осады.<br>Ащы үнін шиқылып қосады.<br>Дүрліктіріп алапты.<br>Шақпақ тастың жарқылы.<br>Бұлт көрпесін жыртады.<br>Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен?<br>Найзағай қай кезде ойнайды?<br>Аспан неге күркірейді?<br>Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)<br>Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)<br>Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады?<br>Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады.<br>Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны.<br>Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің | **Серуен-Бақылау №12**<br>Бақылау: Жәндіктерді бақылау<br>*Мақсаты:* «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;<br>Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Гүлдің нәрін жинайды.<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>- Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>- Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым ісkер. (құмырсқа)<br>Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)*<br>Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>Жеке жұмыс<br>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)*<br>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).*<br>Қандай пайдалы жәндік орман, | **Серуен-Бақылау №13**<br>Бақылау:<br>Топырақты бақылау<br>Мақсаты: *торф топырағының қыртысымен таныстыру.*<br>Бақылау барысы<br>Біздің айналамызда шалшық көп.<br>Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады.<br>Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр.<br>Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады.<br>Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс.<br>Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..<br>Жеке жұмыс<br>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.<br>Құммен торфты салыстыру;<br>Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.<br>Еңбек<br>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.<br>*Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*<br><br>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты: кеңістікте жүгіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу.<br>Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүгіру техникаларын жақсарту.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | **Серуен-Бақылау №14**<br>Бақылау: Желді бақылау<br>Мақсаты:<br>- *жел туралы түсініктерін бекіту.*<br>- *жел түрлерін есте сақтау.*<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды.<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды.<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:<br>Желдің қандай түрлері болады?<br>Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады.<br>Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦ Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран )*<br>♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | күркіреуі пайда болады күн күркірейтен кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі.<br>Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.<br>Зерттеу қызметі<br>Жай жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу.<br>Жеке жұмыс<br>«Найзағайлы жаңбыр» О. Ақынбекұлы<br>Нөсерлеп жаңбыр басталды,<br>Науада қалқып қақ қалды.<br>Найзағай тынбай жарқылдап,<br>Нөсер түр күйін сатырлап.<br>Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)<br>Еңбек<br>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;<br>2 топ-қоқыстарды шығару<br>*Мақсаты*<br>Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету;<br>Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.<br>Қимылды ойын<br>«Қасқыр қақпан».<br>Мақсаты:<br>Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу.<br>Жаттығу ойыны:<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. | тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды таратады)<br>Зерттеу жұмысы<br>Қаңқылын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>Еңбек: Аланды қоқыстардан тазалау.<br>*Мақсаты:* үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу<br>*Қимылды ойын*<br>*«Өз ағашыңды тап».*<br>*Мақсаты:* ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.<br>Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін».<br>Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | | • Желдің ізін көруге болады ма?<br>Жеке жұмыс<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау.<br>Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бір ниетпен орындау*<br><br>Қимылды ойын «Кім жылдам?».<br>Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.<br>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | | | |
| Серуеннен оралу | Балалардың киімін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | | . Қатынас<br>Тақырып: «Менің сүйікті ойыншығым»<br>Тапсырма: Әңгімелеу<br>Күтілетін нәтиже: Еркін сөйлеу дағдысы дамиды | Таным<br>Тапсырма: Түстерді ажырату<br>Күтілетін нәтиже: Түстерді дұрыс атайды | Денсаулық<br>Тапсырма: Қолмен тіреліп жүру<br>Күтілетін нәтиже: Қол күші дамиды | . Шығармашылық<br>Тапсырма: Түрлі-түсті қағазбен жапсыру<br>Күтілетін нәтиже: Қол икемділігі дамиды |
| Балалардың іс- әрекеті ( ойын,танымдық, коммуникативтік,шығармашылық,эксперименталдық,еңбек,қимыл,бейнелеу,дербес және басқалары) | | Дикциялық жаттығу<br>Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамакты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет.<br>Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді.<br>Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған.<br>Мәселен, біркатар жаңылтпашты айтып көрелік.<br>Суда сен келеді,<br>Сегіз серке тең келеді.<br> | Ойын:"Табан балық және шортан"<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді.<br>Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді.<br>Ұсыныс: Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады. | Психологиялық ойын:<br>Ойын: «Атомдар мен молекулалар»<br>Мақсаты: Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыңыздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай нндиго балалардың ДНҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Ягни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген.<br>*Ойын шарты:*<br>«Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады». | Қол моторикасын дамытуға арналған санамақ<br>Ойын:*Жүретін саусақтар*<br>Мақсаты:Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.<br>Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар.<br>Шарты: Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | |   | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут Ата-анаға кеңес**<br>**Адал әрекетті бірге талқылаңыз**<br>**Күн соңында сұраңыз:**<br>«Бүгін қандай жақсы іс жасадың?»<br>«Қай жерде шындық айттың?»<br>Жазалаудың орнына үйретіңіз<br>Қате жасаса → түсіндіріңіз<br>«Келесіде қалай дұрыс істеуге болады?» деп бағыт беріңіз<br>. Ойын арқылы тәрбиелеңіз<br>Рөлдік ойындар ойнаңыз (дүкен. достар. отбасы)<br>«Адал» және «адал емес» әрекеттерді көрсету | | | | |

Тексерілді: [signature]